

## Қарасу негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылында 5-6 сыныппен

### жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылын 5-6 сыныпта 6 оқушымен бастады. Сыныпта 3-ер бала және 3-қыз бала бар.

Озат оқушы саны: 1

*Жұмабекқызы Ақерке*

Екпінді оқушы саны: 2

*Бердікбекова Аянат*

*Талғат Еркеназ*

Сыныптың әлеуметтік жағдайы: 1-оқушы толық емес отбасы, 2-оқушы көп балалы отбасынан. Сынып өте ұйымшыл, қиындық келтіретін оқушы жоқ. Мектебіміздің үйірмелеріне қатысады. Қол күреске – 6 оқушы, театрға - 6 оқушы, дебатқа –2 оқушы қатынасады. Қыркүйек айынан бастап ата-аналарымен тығыз байланыста болып, жағдайларымен жете таныстым. Жыл басында 2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмыс жоспары жасақталып, жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылды. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай-9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Сынып оқушыларының негізгі міндеті мен мақсаты: өзін жеке тұлға ретінде таныту, сапалы білім алу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша: ««Ұстаз, сіздің алдыңызда», «Парасаттылық туралы» биылғы оқу жылының ерекшеліктері, т.б.

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс): «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!», «Адалдық және сыпайылық шынай адам келбеті», «Ұлы дала перзентімін», «Үнемділік инноваторы», «Тәуелсіздік жетістіктері»

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша: «Тарих пен тіл тағдырлас», «Туған өлке ақындарының шығармалары», «Сен және Заң», «Ізгіліктің бір ізі – алғыс айту», «Таным. Тағылым. Тәрбие», «Қоқысты қайта өңдей процесі», «Жеңіс деген шат күлкісі баланың», «Медиатайм», «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы бойынша: «Жолда жүру ережелерін білесің бе?», «Отбасылық дәстүрлер».

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша: «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды», «Сабырлылық – асыл қасиет», «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» отбасы құндылықтарын насихаттау.

«9 ай - 9 іс-шара» жобасы бойынша: «Мәдеин мұра – айтыс өнері». «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» атты отбасымен бірге сайыс өткізілді. Сайыс арқылы ата-оқушы-мектеп үштігі орнады.

«Балалар кітапханасы» жобасы бойынша: «Бір отбасы – бір кітап», «Үнемі оқитын адам – табысты адам»

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша: «Ұлттық ойын- ұлт қазынасы».

Тәрбие бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылының тәрбие сағаты тақырыптары бекітіліп, сынып сағаттары түрлі форматта өткізілді. Тәрбие сағаттары әр түрлі форматта өткізілді. Барлық оқушылар үйірмелерге уақытылы қатысып, жетістікке жеткен оқушылар да болды. «Моншак» қыздар клубы мен «Мерей» ұлдар клубының іс-шараларына да белсене қатысты. Сонымен қатар, «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сәйкес ата-аналармен түрлі форматта жиналыстар өткізілді. Оқушылар «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітаптар оқып, сынып жетекшілерімен бірге талқылады. Оқушылардың оқыған кітаптары:

Оқушының аты-жөні	Кітаптар
Бердібекова Аянат	1. «Мюнхгаузеннің хикаялары» Рудольф Эрих Распэ 2. «Интернат наны» Шерхан Мұртаза 3. «Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаев 4. «Кел балалар, оқылық» Ы.Алтынсарин 5. «Андерсеннің ертегілері» 6. «Бақытсыз Жамал» Міржақып Дулатұлы 7. «Таза бұлақ» Ы.Алтынсарин
Ерланұлы Оразбек	1. «Қобыланды батыр» 2. «Қабырғадан түскен сәуле» 3. «Хачико» Лесли Ньюман
Нұрлыбай Рауан	1. «Қобыланды батыр», «Қанжығалы Бөгенбай», «Алпамыс батыр» 2. «Бүркіттің балапаны» Тұрлыақын Жексенбай

	<ol style="list-style-type: none"> <li>3. «Кірпінің құпиясы» Андерсен</li> <li>4. «Бал бұлақ» Тұрлыақын Жексенбай</li> </ol>
Талғат Еркеназ	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Жар жағалаған жалғыз» Джером Сэлинджер</li> <li>2. «Алиса ғажайыптар әлемінде» Льюис Кэррол</li> <li>3. «Алтын кітап» Божена Немцова</li> <li>4. «Хачико» Лесли Ньюман</li> <li>5. «Күпия бақ» Фрэнсис Елиза</li> <li>6. «Қауырсын ханшайым» Джорд Макдональд</li> <li>7. «Кішкентай ханзада» Антуана де Сент-Экзюпери</li> </ol>
Жұмабекқызы Ақерке	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Хачико» Лесли Ньюман</li> <li>2. «Кішкентай ханзада» Антуана де Сент-Экзюпери</li> <li>3. «Шатырда тұратын Карлсон тағы да бұзықтық жасады» Астрид Линдгрен</li> <li>4. «Сүйкімді қыз бен сиқыршы шал» Лаймен Фрэнк Баум</li> <li>5. «Кішкентай ханшайым» Ф.Бернет</li> <li>6. «Жабәқ туралы әңгімелер» Оспанхан Әубәкіров</li> <li>7. «Дәуіт атайдың ертегілері» Әлия Беркімбаева</li> </ol>
Жасанов Мирас	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Қобыланды батыр»</li> <li>2. «Бал бұлақ» Тұрлыақын Жексенбай</li> <li>3. «Алтын бие» Р.Сандерсон</li> </ol>

Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатынасты.

«Балалар және театр» үйірмесі	«Қолкүрес» үйірмесі	«Дебат» үйірмесі	Би үйірмесі
6	6	2	3

Үйірмелерге қатысымы жөнінен 1-оқушы екі үйірмеге де қатынасқан оқушылар болды.

### 5-сынып оқушыларының жетістіктері

Оқушының аты-жөні	Жетістіктері
Бердібекова Аянат	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мектепшілік «Жайдарман» ойынында II орын</li> <li>2. Мектепшілік «Ән сал, сарбаз» фестивалында II орын</li> </ol>
Ерланұлы Оразбек	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қол күрес жарысынан 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер мен қыздар арасында аудандық спартакиададан III орын, 2023 жыл</li> </ol>
Нұрлыбай Рауан	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Спартакиада бағдарламасы бойынша 2011-2012 жылы туған жасөспірімдер арасында өткізілген аудандық қол күрес, I орын, 2024 ж, жетекшісі: Жаңабаев М.</li> <li>2. Қол күрестен жастар, жасөспірімдер және ардагерлер арасында Ақтөбе облысының чемпионаты, I орын, 2023 ж, жетекшісі: Жаңабаев М.</li> </ol>

Талғат Еркеназ	1. Спартакиада бағдарламасы бойынша 2011-2012 жылы туған жасөспірімдер арасында өткізілген аудандық қол күрес, I орын, 2024 ж, жетекшісі: Жаңабаев М.
Жасанов Мирас	1. «Жігіт сұлтаны 2024» сайысы, III орын 2. «Күзгі кеш» жарысы II орын
Жұмабекқызы Ақерке	1. 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының аудандық кезеңі, 2023 ж, I дәрежелі диплом, жетекшісі: Жолдығали Х.Т. 2. Математика пәнінен «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңі, 2 орын, 2023 ж, жетекшісі: Арынғазы Г.Қ. 3. «Достық» олимпиадасы, аудандық III орын, 2024 ж. 4. «Достық» олимпиадасы, облыстық сертификат, 2024 ж. 5. Мектепшілік «Дала шамшырағы» атты бескүндіктің «Шежірелі өлкемнің тарландары» атты мақалалар байқауы, алғыс хат

Тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары уақытында өткізілді. Биылғы оқу жылындағы тәрбие жұмысының өту барысы қанағаттанарлық.

### **Қорытынды:**

Оқу жылының басында оқушылармен оқыған кітаптарды талқылау барысында, оларды кейбірі кітапты мазмұндай алмайтынын, оқығандарын түсіндіре алмайтынын байқап, жыл бойы кітап оқу процесін үзбей жалғастырдым. Нәтижесінде мамыр айындағы кітапты талқылау барысында оқушылардың сөздік қоры артып, ойын жүйелі түсіндіргенін байқадым.

Оқушылар әр түрлі үйірмелерге белсене қатысады: Рауан, Оразбек, Еркеназдың қол күрес үйірмесінде өте жақсы нәтиже көрсетіп, Ақерке мен Аянаттың актерлік шеберліктерінің жақсы екенін байқадым.

### **Келесі оқу жылына аланған шешімдер:**

- Жаңа оқу жылында ата-аналармен байланыс жасап, оқушылардың орналасуын және одан әрі 100 пайыз оқумен қамтамасыз етілгендігін қадағалау;
- Оқушылардың жазғы демалыс уақытын тиімді өтуін ата-аналармен бірлесе отырып қамтамасыз ету;
- оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, жылына 10-нан аса кітап оқуын жоспарлау;
- жетістігі аз оқушыларды түрлі байқаулар мен жарыстарға, спорттық сайыстарға қатысуын қадағалау;

Сынып жетекшісі: Арынғазы Гауһар Қайырғалиқызы

